**«БИБОЛ ҚҰДАЙНАЗАРОВ АТЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ОРТА МЕКТЕП»КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

# ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ХАТТАМАЛАРЫ

2024-2025 оқу жылы

# Қамқоршылық кеңесінің мақсат-міндеттері.

1. 1.Жалпы білім беру мекемесінің Қамқоршылық кеңесі /бұдан әрі Қамқоршылық кеңесі/Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44бабының 9- тармағына сәйкес жалпы білім беру мекемесінің ұжымдық басқару түрі болып табылады.

1.2. Қамқоршылық кеңесі оның мүшелерінің еріктілігі мен теңдігі,өзін-өзі қаржыландыруын негізге ала отырып жүргізеді. Өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасын,Қамқоршылық кеңес туралы ереже мен білім мекемесінің Жарғысын басшылыққа алады.

1.3. Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты жалпы білім беретін мекеменің қызыметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.

1.4. Қамқоршылық кеңесі қаржы қаражатының пайдалануына бақылау жасайды және білім беру мекемесіне тартылған қаражатты пайдаланудың мақсаты мен бағытын өзгерткен жағдайда өз қызыметін тоқтатуға құқылы.

1.5. Қамқоршылық кеңесі білім мекемесінің әкімшілігімен,ата- аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдар мен мүдделі ұйымдармен өзара әрекеттесе отырып,қызымет атқарады.

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
__________Қ.Беркімбаев

«Келісілді»
«Қамқоршылық кеңес» төрағасы:
__________А.Мауленов

**«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі ортамектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесі «Қамқоршылық кеңес» мүшелерінің 2024 -2025 жылына арналған жұмыс жоспары**

| № р/с | Іс-шаралар | Орындаумерзімдері | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| I | **Ұйымдастырушылық жұмыс** | | |
| 1.1. | ҚР БҒМ 27.07.2017 ж № 355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің жаңа үлгілік қағидаларымен танысу | Қантар<br>1 – 2 апта | Қамқоршылық кеңестің төрағасы А.Мауленов<br>Мектеп директоры Қ.Беркімбаев |
| 1.2. | Мектептің күнделікті қызметімен танысу (жайлы, қауіпсіз жағдай жасау, оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру, тамақтану, әлеуметтік – мәдени, сауықтыру, дамыту іс- шараларын өткізуге көмек көрсету, мектеп психологының қатысуымен оқушылармен әңгімелесу өткізу) | Қантар<br>3 апта | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| 1.3. | Мектеп дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-гі Даму бағдарламасымен және жылдық жұмыс жоспарымен танысу | Ақпан<br>1 апта | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| 1.4. | Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруде мектеп қызметкерлеріне көмектесу | Ақпан<br>2 апта | Мектеп әкімшілігі |
| 1.5. | Балалар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында СӨС орталығы, | | Қамқоршылық кеңес |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, дінтанушылармен кездесулер ұйымдастыруға көмектесу | Ақпан<br>3 -4 апта | мүшелері |
| **II** | **Қаржылық - қайырымдылық көмек** | | |
| **2.1.** | Мектепке қайырымдылық көмек түрінде түскен ақшалай қаражатты бөлуге қатысу («Білім туралы» ҚР Заңының 61,64 б. сәйкес ақысыз негізде ерікті түрде) | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **2.2.** | Мектепті дамыту үшін қайырымдылық көмек көрсету мақсатында демеушілерді,мектеп түлектерін тарту. | Наурыз<br>1 апта | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **2.3.** | Мына бағыттар бойынша қайырымдылық көмектен түскен қаражатты мақсатқа сай жұмсау: мұқтаж оқушыларды әлеуметтік қолдау; мектептің материалдық - техникалық базасын нығайту ; спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау; МЖМБС талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыру кеткен шығыстарды жүзеге | Наурыз<br>2 апта | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **2.4** | Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген материалдық көмекті ұйымдастыру бойынша комиссия отырысына қатысу | Қараша, қаңтар, мамыр айлары | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **III** | **Бақылау** | | |
| **3.1.** | Жетім балаларды , қамқорлықтағы және рейдтің қорытындылары бойынша аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды тексеру нәтижелерімен таныстыру | Наурыз<br>3 апта | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **3.2.** | Мектеп оқушыларының құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу | Наурыз<br>4 апта | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **3.3.** | Оқушыларды ыстық тамақтандыру және медициналық қызмет | Сәуір | Қамқоршылық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көрсету сапасын бақылау мониторингімен танысу | 1 апта | кеңестің ұйымдастырушылық тобы |
| **3.4.** | «Түнгі қаладағы балалар» рейдіне көмек көрсету | Сәуір<br>2 апта | Қамқоршылық кеңестің арнайы тобы |
| **3.5.** | Директордың мектеп қызметі , соның ішінде білім беру қызметтерін сапалы көрсету, жұмыс қорытындылары, қайырымдылық көмектің қолданылуы туралы есептерін тыңдау. | Тоқсанына 1 рет | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **3.6** | ЖБББ қоры есебінен оқушыларды бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру жұмыстарын қадағалау | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңес мүшелері<br>Әлеуметтік педагог |
| **3.7** | Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындық мәселелері бойынша педагогикалық кеңестің жұмысына қатысу | Сәуір<br>3 апта | Қамқоршылық кеңестің төрағасы мектеп директоры Қ.Беркімбаев |
| **IY** | **Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырыстары** | | |
| **4.1.** | **I отырыс**<br>**Күн тәртібінде**<br>1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту<br>2. ЖБББ қоры есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру<br>**3.** Оқушылардың III тоқсанға дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы | 30.01.2024ж. | Мектеп әкімшілігі<br>Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **4.2** | **II отырыс**<br>**Күн тәртібінде** | 08.04.2024ж. | Мектеп әкімшілігі<br>Қамқоршылық кеңес |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1. Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру<br>2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция<br>3. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі | | мүшелері |
| **4.3.** | **III отырыс**<br>**Күн тәртібінде**<br>1. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету және қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер, оларды тағайындау туралы<br>2. Мектептің 2024-2025 жаңа оқу жылына дайындығы, мектептің жылдық жоспарын қарау<br>3. ЖБББ қоры есебінен әлеуметтік колдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру<br>4. ЖБББ қоры есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру | 12.09.2024ж. | Мектеп әкімшілігі<br>Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **4.4.** | **IҮ отырыс**<br>**Күн тәртібінде**<br>**1.** Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету және дарынды балаларды зияткерлік, шығармашылық және спорт қызметінде қолдау<br>2. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдердің есебі және демеуші тарту жұмыстары туралы<br>3. Оқушылардың оқулықтармен қамтылуы | 10.11.2024ж. | Мектеп әкімшілігі<br>Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **Ү** | **Ұйымдастырушылық жұмыс** | | |
| **5.1.** | Мектептің күнделікті қызметімен танысу (жайлы, қауіпсіз жағдай жасау, оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру, тамақтану, әлеуметтік – | Қыркүйек | Қамқоршылық кеңестің мүшелері, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мәдени, сауықтыру, дамыту іс- шараларын өткізуге көмек көрсету, мектеп психологының қатысуымен оқушылармен әңгімелесу өткізу) | 2 апта | мектеп әкімшілігі ДТІЖО |
| **5.2.** | Жыл бойы жүзеге асыралытын «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына демеуші тарту жұмыстарын жетілдіру | Қыркүйек 3-4 апта | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **5.3.** | «Жаңа жыл-2025» жаңа жылдық мерекесін ұйымдастыру және демеушілерді тарту | Желтоқсан | Қамқоршылық кеңес мүшелері Әлеуметтік педагог |
| **YI** | **БҮ қызметі мәселелері бойынша мектеп іс –шараларына, конференцияларға, кеңестерге,семинарларға қатысу** | | |
| **6.1.** | Оқу жылы барысында іске асырылатын іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу | Қазан 1 - 2 апта | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **6.2.** | «29 қазан – Қамқоршылар күніне орай» қамқоршыларға арналған іс-шараны ұйымдастыруға қатысу | Қазан 3-4 апта | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **6.3.** | Жалпы мектептептік ата-аналар жиналыстары, қоғамдық тыңдалымдарға қатысу | Қараша 1 -2 апта | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **6.4.** | Мектеп базасында инклюзивті оқыту және жайлы орта құру бойынша қалалық семинарға қатысу | Қараша 3 апта | Инклюзивті сыныптар Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| **6.5.** | Оқушылардың өзіндік баскармасы мен Қамқоршылық кеңес органдарының жұмыс мәселелері бойынша директорлар кеңесінің жұмысына қатысу. | Қараша 4 апта | Қамқоршылық кеңестің төрағасы А.Мауленов Мектеп директоры Қ.Беркімбаев |

Әлеуметтік педагог: Б.Сарсеков

**Хаттама №1**

**Күні:** 30.01.2025ж.

**Өткізілу форматы**: *Офлайн*

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры –Қ.Беркімбаев
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары – Д.Мауленов
3. Қамқоршылық кеңес мүшелері – 5
4. Хатшы –Б.Сарсеков

Барлығы: 7 адам

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту

2. ЖБББ қоры есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру

3. Оқушылардың III тоқсанға дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы

**Тыңдалды:**

**1. Мектеп директоры. Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту туралы.**

**2. МДОІЖО –ЖБББ қоры есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру.**

**3. Әлеуметтік педагог –Оқушылардың III тоқсанға дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы.**

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің төрағасы болып Ә.Мауленов қайта сайлансын және мектеп директорының қамқоршылық кеңес мүшелері туралы ұсынысы толығымен мақұлдансын.

2. ЖББҚ тамақ ішуге 6 оқушы бекітілсін және өтініштері қанағаттандырылсын.

3. Оқушылардың тоқсан бойы сабаққа дайындығы одан әрі қадағалансын.

Жақтап дауы бергендер – 7. Қалыс қалғандар – жоқ.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** Ә.Мауленов

**Хатшы:** Б.Саросеков

**Хаттама №2**

**Күні:** 08.04.2024ж.
**Өткізілу форматы**: *Офлайн*
**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры –Қ.Беркімбаев
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары –Д.Мауленов
3. Қамқоршылық кеңес мүшелері – 3
4. Хатшы –Б.Сарсекорв
5. Барлығы: 5 адам

**Күн тәртібінде:**

1. Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру
2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция
3. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі

**Тыңдалды:**

1. **МОТІЖО Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру.** Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектебімізде жазғы мектеп лагері жұмыс жасайтын болады. Оған бірінші кезекте әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылар жұмылдырылып, арнайы жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар өтетін болады. Ондағы басты мақсат – оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Мектеп лагерінде сабақ үлгермі төмен оқушылар ойын форматындағы қосымша сабақтардан өтіп білімін шыңдап, түрлі спорттық сайыстарға қатысатын болады.

Сонымен қатар оқушылардың босуақытын ұйымдастыру қызметі қала сыртындағы лагерьлерге бару арқылы ұйымдастырылатын болады. 2023-2024 оқу жылында мектебіміздің 6 оқушысы қала сыртындағы лагерьге барып демалды. Биыл 6 жуық оқушыны қала сыртындағы лагерьге жіберу жоспарланып отыр. Төмендегі 6 оқушыны қарап, танысып, оқушыларды қала сыртындағы лагерьге жіберуге шешім қабылдауларыңызды сұраймын:

| № | Оқушының толық аты-жөні | Сыныбы | Мектептің атауы |
|---|---|---|---|
| 1 | Сапар Нұрмағанбет | 5 | Б.Құдайназаров ном |
| 2 | Анарбек Айзере | 6 | Б.Құдайназаров ном |
| 3 | Анарбек Ерболат | 6 | Б.Құдайназаров ном |
| 4 | Тимур Керемет | 6 | Б.Құдайназаров ном |
| 5 | Сламхан Диана | 7 | Б.Құдайназаров ном |
| 6 | Көрғұлы Нұрислам | 7 | Б.Құдайназаров ном |

2. **МДШІЖО Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция.** 2020 жылдың 01 қыркүйегінде

Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы экология және биологиялық әртүрлілікті қорғау мәселелеріне қатысты Қазақстан халқына жолдауында биологиялық әртүрлілікті сақтау мен ұтымды пайдаланудың ұзақ мерзімді жоспарларын бекіту, сондай-ақ бес жыл ішінде орман қорында 2 миллиардтан астам және елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызу бойынша тапсырма берді. Ағымдағы жылдың 21 наурызында «Мекенім – жасыл орманым», «Бұл – менің ағашым», «Парктер шеруі», «Су көздерін ашу, бұлақтарды тазарту», «Таза су айдындары» және «Таза Қазақстан» атты науқандары басталды. Осыған орай мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ағымдағы жылдың 21 наурызында жаратылыстану бірлестігінің ұйымдастыруымен «Атадан мал қалғанша, тал қалсын..." ағаш отырғызу іс-шарасы жүргізілді. Іс-шараға мектеп ұжымы, еріктілер, оқушылар, ауыл тұрғындары белсене ат салысты. Нәтижесінде мектеп ауласына 41 ағаш отырғызылды.

Сонымен қатар, мектеп еріктілерімен бірге «Ауылымыз бен ауламызды таза ұстайық, ағайын» атты мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында мектеп айналасына гүлдер мен ағаштар отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

**3. Әлеуметтік педагог Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі**

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:**

**Қамқоршылық кеңес мүшелері: А.Мауленов**

**Хатшы: Б.Сарсеков**

**«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-сі**
**Қамқоршылық кеңесі**
**ІІІ- отырысының хаттамасы**

Мерзімі:Тамыз

Қатысқандар: 15 адам (қорғаушылық кеңесінің мүшелері,шақырылған ата-аналар,педагогтар)

**Күн тәртібі:**

1. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.

2.Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға маериталдық көмек көрсету.Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды ыстық тамақ ішуін ұйымдастыру.

**Тыңдалды.**

Күн тәртібінің мәселесін мектеп директоры Қ.Беркімбаев таныстырды және мәселе бойынша сөз бастады. Ата-аналар,сынып жетекшілер аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес 2024-2025 оқу жылында «Мектепке жол» республикалық акциясын ұйымдастыру әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалудың алдын алу,6-17 жас аралығындағы балаларға орта білім беруді қамтамасыз ету,жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу,аз қамтамасыз етілген отбасы балалары мен көп балалы отбасылардан және жетім ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында білім беру мекемелерінде 2024 жылдың 1 тамыз 30 қыркүйек аралығында өткізіледі.Мұхтаж балаларға материалдық көмек көрсету ушін әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен,жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықты ұйымдастырылады.Әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсету үшін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын , тамақ өнімдерін қабылдау жұмыстары жүргізіледі.Сол себепті әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға көмек қолымызды созып демеуші болайық деп сөзін аяқтады.

Келесі сөзді әлеуметтік педагог Б.Сарсеков берді. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету.Ата-аналар акцияның мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды анықтау,аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға , жетім балаларға сондай-ақ оқу жылына дайындық уақыты кезінде ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуін алдын алу.Мектеп жасындағы барлық балаларды орта білімен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту,және көмек қолын созуды ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Б.Сарсеков мектеп бойынша 1 % қор есебінен 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айынан бастап жетім, жартылай жетім, яғни әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды тегін тамақ ұйымдастырылатынын айтып өтті. Осыған байланысты мектебіміздің әкімшілік мүшелері, сынып жетекшілер және әлеуметтік педагогтар бірлесе отырып жалпы оқушылардың арасынан мына төмендегі аты аталған 6-оқушыны сіздердің карауларыңызға ұсынып отырғанын айтты.

Атап айтқанда:

| Қ/с | Оқушылардың аты – жөні | Сыныбы | Санаты |
|---|---|---|---|
| 1 | Әбдіхай Аяулым Ержанқызы | 9 | Аз қамтылған отбасы |
| 2 | Жұматай Молдашбек Жанысбекұлы | 8 | Аз қамтылған отбасы |
| 3 | Жұматай Нұрбақыт Жанысбекұлы | 7 | Аз қамтылған отбасы |
| 4 | Сламхан Диана Сабитқызы | 7 | Жартылай жетім |
| 5 | Айдархан Саттархан Бекзатұлы | 6 | Аз қамтылған отбасы |
| 6 | Күзербай Гүлсезім Дауренбекқызы | 5 | АСП |

**Жиналыс қаулы етеді:**

- «Мектепке жол» акциясының жоспары құрылып,балаларға мектеп формасы,оқу құралдары,киім-кешек,аяқ киім және тағы басқа заттар ұйымдастырылып,берілсін.
- «Мектепке жол » акциясына барлық мұғалім өз үлесін қоссын.
- Жаңа оқу жылында мектеп асханасынан әлеуметтік мәртебеге ие (бес) балаға ыстық тамақ беріліп, кезекші мұғалімдер бекітілсін.

Жиналыстың төрағасы: А.Мауленов

Жиналыстың хатшысы: Б.Сарсеков

**«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-сі**
**Қамқоршылық кеңесі**
**VI- отырысының хаттамасы**

Мерзімі: Қараша

Қатысқандар: 7 адам (қорғаушылық кеңесінің мүшелері,шақырылған ата-аналар,педагогтар)

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету және дарынды балаларды зияткерлік, шығармашылық және спорт қызметінде қолдау.
2. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдердің есебі және демеуші тарту жұмыстары туралы.
3. Оқушылардың оқулықтармен қамтылуы туралы.

**Тыңдалды:**

Мектептің әлеуметтік педагог Б.Сарсеков әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көрсетілген әлеуметтік көмек және дарынды балаларды қолдау шаралары туралы баяндады. Баяндамашы аз қамтылған, көпбалалы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға қажетті көмек көрсетілгенін, сондай-ақ дарынды оқушылардың зияткерлік, шығармашылық және спорттық бағыттарда түрлі байқаулар мен жарыстарға қатысуына жағдай жасалғанын атап өтті. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Мауленов қайырымдылық көмектерден түскен қаражат пен материалдық көмектердің есебі жөнінде баяндады.Мектепке демеушілер тарапынан оқу құралдары, спорт жабдықтары және қажетті тұрмыстық бұйымдар түрінде көмек көрсетілгені айтылды. Сонымен қатар алдағы уақытта жергілікті кәсіпкерлермен байланыс орнатып, жаңа демеушілер тарту жоспарланып отырғаны баяндалды.

Мектеп кітапханашысы Н.Мырзабек оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі туралы баяндама жасап,Барлық сыныптар оқулықтармен толық қамтылғаны, тек кейбір пәндер бойынша қосымша оқу құралдары мен әдістемелік материалдарға сұраныс бар екені айтып өтті.

**Қаулы етеді:**

Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары тұрақты түрде жалғастырылсын. Кеңес мүшелері тарапынан көмек пен қолдау көрсету шараларына белсенді қатысу қамтамасыз етілсін.

Қайырымдылық көмектерден түскен қаражат пен материалдық көмек мақсатты түрде жұмсалсын.

Оқулықтардың берілуі мен сақталуы қатаң бақылауға алынып, қажетті қосымша оқу құралдарын алу мәселесі келесі отырыста қаралсын,оқушылардың оқулықтарды ұқыпты пайдалану мәдениетін арттыру бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілсін

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** **А.Мауленов**

**Хатшы:** **Б.Сарсеков**

**«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**«Қамқоршылық» кеңесінің жиналысы болып өтті.**
**Хаттама**
**№1**

Қызылбұлақ елді мекені 25.07.2025 ж

Қатысқаны – 15

**Күн тәртібінде**

1. Жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы мен сауықтыруын және қауіпсіздігін ұйымдастыру туралы

**Тыңдалды.**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған тәрбие ісі орынбасары Б. Сарсеков 16.05.2025 жылғы Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінен келген №221 бұйрығымен таныстырып, сауықтыру лагеріне 6 балаға сұраныс келгендігін хабарлады.

Жарыс сөзге шыққан мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы Е.Мамыров мектептегі әлеуметтік мәртебеге ие және үздік оқушыларды сауықтыру лагеріне жіберу керектігін айтты. Келесі сөзді мектептің әлеуметтік педагогы Б. Сарсеков лагерге баратын әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың тізімдерімен таныстырды.

Кеңес мүшелері тізімді талқылай келе төмендегі 6 оқушыны ұсынды

| Қ/с | Мектептің атауы | Оқушының аты-жөні | Сыныбы | Отбасы статусы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Б. Құдайназаров ном | Сапар Нұрмағанбет | 5 | Жартылай жетім |
| 2 | Б. Құдайназаров ном | Анарбек Айзере | 6 | Көп балалы отбасы |
| 3 | Б. Құдайназаров ном | Анарбек Ерболат | 6 | Көп балалы отбасы |
| 4 | Б. Құдайназаров ном | Тимур Керемет | 6 | Көп балалы отбасы |
| 5 | Б. Құдайназаров ном | Сламхан Диана | 7 | Жартылай жетім |
| 6 | Б. Құдайназаров ном | Коргул Нұрислам | 7 | Көп балалы отбасы |

Күн тәртібіндегі мәселелерді талдап, талқылай келе қамқоршылық кеңесі қаулы етеді

1. Тізімдегі оқушылар қала сыртындағы жазғы суықтыру лагеріне жіберілсін.
2. Жоғарыдағы аталған әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың құжаттарын жинақтау әлеуметтік педагог Б.Сарсековқа , сынып жетекшілерге жүктелсін.
3. Осы қаулының орындалуын қадағалау директодың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Сарсековқа міндеттелсін.

1.Қамқоршылық кеңесінің төрағасы : Сарсеков Бахыт Муканович
2.Мүшесі : Мошқалов Ғалымжан
3.Мүшесі: Мауленов Әмірхан
4.Мүшесі: Сарсеков Мухан
5.Мүшесі: Мамыров Ермахан
6.Мүшесі: Мауленов Дінмуханбет
7.Мүшесі: Мамыров Бегалы
8.Хатшысы Турекулова Айгүл

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басын ашаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұр атын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағытымен оларды есепке алу қағидаларына

4-қосымша

Мемлекеттік білім беру ұйымымының «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-нің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету жөніндегі отырысының 2025жылғы_ "18" тамыз

## №2 хаттамасы

Қызылбұлақ е/м 18.08.2025ж

1. Алқалы басқару органының құрамы: Мошқалов Ғалымжан , Мамыров Ермахан, Сарсеков Мұқан, Мауленов Әмірхан, Нұрқұлов Әділхан

2. Қаржылық / материалдық көмек алуға өтініштер тіркеу журналына сәйкес хронологиялық тәртіппен тіркелген:

| Р/с № | Өтініш берушінің Т. А. Ә. | Білімалушының/ тәрбиеленушінің Т. А. Ә., сыныбы | Күні/өтініш нөмірі | Көмектүрі |
|---|---|---|---|---|
| Қаржылық | Материалдық | | | |
| 1. | Шингазиева Актолқын | Жұматай.Н 8-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 2. | Туленова Зулфия | Абдихайм Д 6-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 3. | Калменова Алтынай | Сламхан .Д 8-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 4. | Турекулова Шынаркул | Турекулова.Ж 9-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 5. | Мырзанова Мария | Жахан Нұртас 5-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 6. | Төреқұлова Сапаргүл | Айдархан С 7-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 7. | Бейсебаев Ниязбек | Бейсебаева К 4-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 8. | Көлбаева Ұлбосын | Коргул Н 8-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 9. | Тастанаова Нурбиби | Сапар Б 5-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 10. | Тастанаова Нурбиби | Сапар Н 6-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| | Жиыны | | | |

Өтініштерді қарау кезінде барлық қатысушыларға жария етілді.

3. Алқалы басқару органы растайтын құжаттар мен бірге өтініштерді қарап, ашық дауыс беру арқылы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1) Мына өтініш берушілерге көмек көрсетілсін:

| Р/с № | Өтініш берушінің Т. А. Ә. | Білімалушының/ тәрбиеленушінің Т. А. Ә., сыныбы | Күні/өтініш нөмірі | Көмектүрі |
|---|---|---|---|---|
| Қаржы | Материалдық | | | |

| лық | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Шингазиева Актолқын | Жұматай.Н | 8-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 2. | Туленова Зулфия | Абдихайм Д | 6-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 3. | Калменова Алтынай | Сламхан Д | 8-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 4. | Турекулова Шынаркул | Турекулова.Ж | 9-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 5. | Мырзанова Мария | Жахан Нұртас | 5-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 6. | Төреқұлова Сапаргүл | Айдархан С | 7-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 7. | Бейсебаев Ниязбек | Бейсебаева К | 4-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 8. | Көлбаева Үлбосын | Коргул Н | 8-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 9. | Тастанаова Нурбиби | Сапар Б | 5-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |
| 10. | Тастанаова Нурбиби | Сапар Н | 6-сынып | 18.08.2025 | Қаржылай |

1. Кеңес төрағасы: Мауленов Әмірхан (кәсіпкер)
2. Орынбасары: Сарсеков Мұқан (жеке кәсіпкер)
3. Мүшелері: Мошқалов Ғалымжан (ата-ана)
4. Мүшесі : Мамыров Ермахан ( ауыл биі )
5. Мүшесі : Нұрқұлов Әділхан (ата-ана)

**Қаулы:**

1. Аз қамтылған отбасынан шыққан білім алушыларға қыстық кім-кешекке берілетін тізімге сәйкес, уақытылы ата-аналарға хабардар ету, әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілерге жүктелсін.

Осы қаулының орындалуына бақылау жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Сарсековқа міндеттелсін

Хатшы: А.Турекулова

**«Бибол Құдайназаров атындағы шағын жинақты мектеп» КММ-дегі Қамқоршылық кеңестің жылдық есебі**

2024–2025 оқу жылының басында «Бибол Құдайназаров атындағы шағын жинақты мектеп» КММ-де Қамқоршылық кеңестің алғашқы отырысы өткізіліп, оған мектеп әкімшілігі, ата-аналар комитетінің мүшелері, ұстаздар қауымы және ауылдық округ өкілдері қатысты. Жиналыста кеңес мүшелері таныстырылып, олардың міндеттері нақтыланды. Ашық дауыс беру нәтижесінде төраға болып Мауленов Әмірхан Сейдуллаұлы бекітіліп, кеңес құрамына ата-аналар, ұстаздар және қоғам өкілдері енгізілді. Күн тәртібінде мектептің жылдық жұмыс жоспары қаралып, бірауыздан мақұлданды. Жоспарда оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау, материалдық-техникалық базаны нығайту, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған оқушыларға қолдау көрсету, тәрбиелік, спорттық және мәдени шараларды дамыту мәселелері қамтылды.

Қамқоршылық кеңес өз қызметін ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес ұйымдастырып, мектептің даму бағыттарын қолдау, білім сапасын арттыру, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және ата-аналар қауымдастығы мен қоғамдық ұйымдар арасындағы серіктестікті нығайтуға бағытталған жұмыстар атқарды. Кеңес мүшелері жыл бойы мектептің қызметімен танысып, оқушыларға жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға, оқу-тәрбие процесінің тиімді ұйымдастырылуына бақылау жасап отырды. Мектеп асханасында оқушылардың тамақтануы, әлеуметтік жағдайына байланысты көмек көрсету, мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, оқушылардың психологиялық ахуалын жақсарту шаралары кеңестің тұрақты назарында болды.

Жыл бойы «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында демеушілер тартылып, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға оқу құралдары, мектеп формасы және қажеттіліктер бойынша көмек көрсетілді. «Жаңа жыл – 2025» мерекелік іс-шарасын ұйымдастыруға, сондай-ақ «29 қазан – Қамқоршылар күніне» арналған мерекелік бағдарламаларға кеңес белсене атсалысты. Кеңес мүшелері мектепішілік ата-аналар жиналыстары мен қоғамдық тыңдалымдарға қатысып, мектептің даму мәселелерін талқылады. Сонымен қатар инклюзивті оқытуға арналған қалалық семинарға қатысып, тәжірибе алмасты.

Жыл бойына қамқоршылық кеңестің бастамасымен қайырымдылық көмектерден түскен қаражат әлеуметтік қолдау, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту, спорт пен өнерді дамыту, дарынды оқушыларды қолдау және қосымша білім беру процесін ұйымдастыру бағыттарына жұмсалды. Бұл қолдау оқушылардың сапалы білім алуына, салауатты өмір салтын қалыптастыруына және олардың қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Қорытындылай келе, Қамқоршылық кеңестің жұмысы мектептің күнделікті қызметін қолдауға, білім беру процесінің тиімділігін арттыруға, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге және ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталды. Жүргізілген шаралар мектептің дамуына, оқушылардың құқықтарын қорғауға және олардың жан-жақты тәрбиеленуіне оң әсерін тигізді.

Әлеуметтік педагог: Б.Сарсеков